

Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 қаңтардағы № 15/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 27 ақпанда № 3665 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 2013 жылғы 10 шілдедегі № 19/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Есіл аудандық мәслихатының 10.07.2013 № 19/3 (қол қойған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабына сәйкес, Есіл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ**
Е Т Т І :

1. Есіл ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетілісін:

1) онкологиялық ауруларға және туберкулезбен ауыратындарға жылына бір рет он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) өрттен, су тасқынынан жапа шеккен азаматтарға, бір жолғы елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) атаулы әлеуметтік көмек алушы болып табылатын әйелдерге, жүктілік кезінде, жылына бір рет қосымша тамақтануына алты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) кірісі ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен нақты жағдайлардың күшіне әлеуметтік қолдауға мұқтаж азаматтарға (отбасыларына), жылына бір рет он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;
жедел емдеуге (ота);

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011 жылғы 4 қарашадағы № 786 бұйрығымен бекітілген, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде амбулаториялық деңгейде белгілі бір аурулары (жай-күйі) бар халықты тегін қамтамасыз ету үшін дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың және мамандандырылған емдік өнімдердің тізбесіне кірмейтін дәрілік препараттар сатып алуға;

кәмелетке толмаған балаларды жерлеуге;

5) колледждердің күндізгі бөлімінде оқитын ауылдық жердегі аз қамтылғандар, көп балалы отбасыларынан шыққан студенттерге облыстық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттер есебінен жылына бір рет жылдық оқуының құнының мөлшерінде оқуының төлеміне;

6) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына облыстық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттер есебінен ай сайын жүз пайыз мөлшерінде коммуналдық қызмет ақысының шығындарын және телефон байланысының қызметі үшін абоненттік ақысын төлеуге;

7) бұрынғы кәмелетке толмаған концлагер тұтқынында болғандарға, «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» Ақмола облыстық филиалы Есіл аудандық бөлімшесінің тізімдеріне сәйкес, өтініш берусіз коммуналдық қызмет ақысының шығындарына төлеуге ай сайын бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

8) «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» Ақмола облыстық филиалы Есіл аудандық бөлімшесінің тізімдеріне сәйкес, өтініш берусіз мерекелік күндерге бір жолғы әлеуметтік төлемдер:

Ж е ң і с к ү н і н е :

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және мүгедектеріне он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына және мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген тұлғалардың басқа санаттарына екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Қарттар және мүгедектер күніне:

ең төменгі зейнетақы алатын зейнеткерлерге, бір жарым айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

мүгедектерге, мүгедек-балаларға бір жарым айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде .

2. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек алу үшін қажетті құжаттар тізбесі белгіленсін:

1) онкологиялық ауруларға және туберкулезбен ауыратындарға: ө т і н і ш ;

өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
тұратын жерін растайтын құжаттың көшірмесі;
жеке шотының нөмірі;

дәрігерлік кеңес комиссиясының қорытындысы;

2) өрттен, су тасқынынан жапа шеккен азаматтарға: ө т і н і ш ;

- өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
тұратын жерін растайтын құжаттың көшірмесі;
жеке шотының нөмірі;
төтенше жағдайлар жөніндегі бөлімнен анықтама;
- 3) атаулы әлеуметтік көмек алушы болып табылатын әйелдерге, жүктілік кезінде, қосымша тамақтануына: өтініш ;
өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
тұратын жерін растайтын құжаттың көшірмесі;
жеке шотының нөмірі;
өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушының қатарына жататындығын растайтын анықтама;
жүктілігін растайтын, медициналық мекеменің анықтамасы;
- 4) кірісі ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен нақты жағдайлардың күшіне әлеуметтік қолдауға мұқтаж азаматтарға (отбасыларына): өтініш ;
өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
тұратын жерін растайтын құжаттың көшірмесі;
жеке шотының нөмірі;
бірге тұратын отбасы мүшелерінің кірісі туралы мәлімет;
жедел емдеуге денсаулық сақтау органының жолдамасы;
дәрілік препараттар сатып алуға дәрігерлік кеңес комиссиясының қорытындысы ;
кәмелетке толмаған балаларды жерлеуге қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі ;
- 5) колледждердің күндізгі бөлімінде оқитын ауылдық жердегі аз қамтылғандар, көп балалы отбасыларынан шыққан студенттерге, оқуының төлеміне : өтініш ;
өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
тұратын жерін растайтын құжаттың көшірмесі;
жеке шотының нөмірі;
оқу орнымен жасаған келісім шарт көшірмесі;
оқу орнынан анықтама ;
осы санатқа жататындығын растайтын анықтама;
- 6) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына коммуналдық қызмет ақысының шығындарын және телефон байланысының қызметі үшін абоненттік ақысын төлеуге : жылына бір рет өтініш ;

өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
тұратын жерін растайтын құжаттың көшірмесі;
коммуналдық қызметтің төленгендігін растайтын құжаттар (түбіртектер,
чектер, жүкқұжаттар – ай сайын).

3. Күші жойылды деп танылсын:

«Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы» 2012 жылғы 20 ақпандағы № 2/5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-11-151 тіркелген, 2012 жылғы 30 наурызда аудандық «Жаңа Есіл» газетінде жарияланған) Есіл аудандық мәслихатының шешімі;

«Есіл аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 ақпандағы № 2/5 «Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы» шешіміне өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 22 маусымдағы № 8/5 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-11-158 тіркелген, 2012 жылғы 6 шілдеде аудандық «Жаңа Есіл» газетінде жарияланған) Есіл аудандық мәслихатының шешімі;

«Есіл аудандық мәслихатының 2012 жылғы 20 ақпандағы № 2/5 «Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы» шешіміне өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 27 қазандағы № 12/4 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3561 тіркелген, 2013 жылғы 11 қаңтарда аудандық «Жаңа Есіл» газетінде жарияланған) Есіл аудандық мәслихатының шешімі.

4. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т
с е с с и я с ы н ы ң т ө р а ғ а с ы ,

аудандық мәслихат хатшысы

С.Құдабаев

КЕЛІСІЛДІ

Есіл ауданының әкімі

Қ.Рахметов